

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 8 ақпандағы № 28-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілсін.

3. Мемлекеттік органдар тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр* *К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы

№ 2 8 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	«Кеден органдары лауазымды адамдарының тауарларға кедендік тазартуды жасау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	

	қазандағы № 1058 қаулысына өзгеріс енгізу туралы			2012 жылғы ақпан
2.	Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	ҰБ Басқармасының қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
3.	«Әкетілетін қолма-қол шетел валютасының шығу заңдылығын растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы № 133 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	ҰБ Басқармасының қаулысы	ҰБ (келісім бойынша)	2012 жылғы ақпан
4.	«Валюталық түсімнің түсуі туралы қорытындының нысанын және оны беру тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 629 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Бұйрық	Қаржымині	2012 жылғы ақпан

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі